

**MEMORANDUM OF UNDERSTANDING  
ON CO-OPERATION IN THE FIELD OF ENERGY  
BETWEEN THE EUROPEAN UNION  
AND THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*Having regard* to the Communication of the Commission to the Council and the European Parliament on the Development of Energy Policy for the Enlarged European Union its neighbours and Partner Countries of 13 May 2003,

*having regard* to the Commission's Green Paper on a European Strategy for Sustainable, Competitive and Secure Energy of 8 March 2006,

*having regard* to the Conclusions of the Brussels European Council meeting of 23/24 March 2006 which underlined, inter alia, the importance of opening new gas supply routes from the Caspian region,

*recalling* the conclusions of the Ministerial Conference in Baku on 13 November 2004 on Energy Co-operation between the European Union, the Caspian Littoral States and their neighbouring countries in which the participants agreed on the mutual interest for:

- Supporting the gradual development of regional energy markets in the Caspian Littoral States and their neighbouring countries;
- Enhancing the attraction of funding for new infrastructures;
- Embarking on energy efficiency policies and programmes;
- Making progress towards a gradual integration between the respective energy markets and the European Union,

*recalling that*, as a result of the Ministerial Conference, four working groups have been created at a regional level covering:

- The harmonisation of the legal, regulatory and institutional framework;
- Enhancing the safety and security of energy production, transportation and supplies;
- Sustainable development;
- Investment attraction and project facilitation,

*recognising* the key role of Kazakhstan as a major gas and oil producer in the Caspian Sea region, and the mutual interest of both the European Union and the Republic of Kazakhstan for enhancing co-operation in the energy sector to increase the security of energy supplies and the predictability of energy demand.

*Whereas*

- The energy sector is strategic for the economic and social development of Kazakhstan and also constitutes a substantial actual and potential external source of revenue. Enhancing consistency with the European Union's internal energy market would offer significant benefits in terms of the stability and attractiveness of the regulatory and investment framework for both International Financial Institutions and the private sector, with possibilities for further development of the resource base and enhancing internal and regional interconnections.
- An enhanced energy co-operation with the European Union could address more specifically those areas not already covered by the regional co-operation, as well as focus more clearly on those issues of particular mutual interest. This could also include improving the safety and environmental aspects of the maritime transportation of oil across the Caspian Sea.
- The European Union and the Republic of Kazakhstan will collaborate in improving the transit of hydrocarbon resources from Central Asia towards the European Union markets.

*Recognising* the necessity to adopt a comprehensive and balanced approach and taking into account that many issues of common interest are already addressed at a regional level, the Republic of Kazakhstan and the European Union express their readiness to cooperate on the elaboration of two roadmaps concerning enhancement of energy security and industrial cooperation respectively.

## 1. Road map for enhancing energy security

- 1.1 The European Union and the Republic of Kazakhstan will regularly exchange information on the development of policies that may have an impact on the production, processing, transportation and use of all energy resources, with a focus on energy security.
- 1.2 The European Union and the Republic of Kazakhstan will regularly consult on energy scenarios in order to have a joint understanding of possible future developments including, in particular, plans to expand production capacity and the energy transportation system as well as possible future trends in energy demand within the European Union.
- 1.3 In view of the importance for the European Union to diversify its energy supplies and for the Republic of Kazakhstan to diversify its energy markets and supply routes, both sides will cooperate in implementing the appropriate conditions to facilitate the development of new energy transportation infrastructure of mutual interest (ex. the Odessa - Brody - Plock oil pipeline) and, where necessary, to promote the upgrading of the existing infrastructure of mutual interest. Maritime safety issues and in particular the definition of navigation routes should be promoted under this roadmap.
- 1.4 The European Union and the Republic of Kazakhstan will cooperate in producing short reports on factual actions developed in the context of this Memorandum of Understanding.

## 2. Road map for enhancing industrial co-operation

Recognising the common interest in attracting further investment into the energy sector in Kazakhstan, the Republic of Kazakhstan and the European Union intend to:

- promote the co-operation between European Union and Kazakh companies in the energy sector through events such as joint conferences and seminars,
- develop and introduce alternative energy sources, as well as ecologically clean and energy saving technologies,
- examine, together with European Union companies engaged or potentially interested in becoming involved in the Kazakh energy sector, opportunities to make the investment climate even more attractive,
- investigate the possibilities for increasing industrial co-operation, both in the upstream and the downstream as well as in the field of energy efficiency, energy saving and renewables, including through development and introduction of alternative sources of energy as well as environmentally clean and resources saving technologies.

**Final considerations**



In case of need for specialised expertise, European Union technical assistance may be used as a support in carrying out the practical work under this Memorandum of Understanding.

The present document is a document that records political intent alone and provides for no legal commitment.

Done in Brussels on the fourth day of December 2006, in the English and Kazakh languages.

**On behalf  
of the European Union**

**On behalf  
of the Republic of Kazakhstan**



**Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы  
арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі  
өзара түсіністік туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Комиссияның Кеңеске және Еуропа Парламентіне 2003 жылғы 13 мамырдағы кеңейтілген Еуропалық Одаққа, оған көрші елдер мен әріптес елдерге арналған энергетикалық саясатты әзірлеу туралы хабарламасын назарға ала отырып,

2005 жылғы 8 наурыздағы Еуропалық стратегияның тұрақты, бәсекеге қабілетті және қауіпсіз энергетика жөніндегі жасыл кітабын назарға ала отырып,

Брюссельде 2006 жылғы 23-24 наурызда басқалардың арасынан Каспий өңірінен газ жеткізудің жаңа бағыттарын ашудың маңыздылығын баса айтқан Еуропа Кеңесінің тұжырымын назарға ала отырып,

Мына мәселелер бойынша: Каспий жағалауындағы елдерде, сондай-ақ олармен шектесетін елдерде өңірлік энергетикалық нарықтарды дәйекті түрде дамытуды қолдауға; жаңа инфрақұрылымдарды қаржыландырудың тартымдылығын арттыруға; энергетикалық тиімділіктің стратегиялары мен бағдарламаларын іске асыруға; тиісті энергетикалық нарықтар мен Еуропалық Одақ арасындағы дәйекті ықпалдастық жолындағы прогреске жәрдемдесуге, өзара мүдделер тұрғысынан келісімге келген қатысушылар Еуропалық Одақпен, Каспий жағалауындағы елдермен сондай-ақ көршілес елдермен арадағы энергетикалық ынтымақтастық мәселелері бойынша 2004 жылғы 13 қарашада Бакуде өткен министрлік конференциясының тұжырымдарын ескере отырып,

Министрлік конференциясының нәтижесінде: құқықтық, реттеуші және институционалдық негіздерді үйлестіру; өндірістің, энергия тасымалдау мен жеткізудің қауіпсіздігін және сенімділігін арттыру; тұрақты даму; инвестициялар тарту мен жобаларды дамыту салаларын қамтитын өңірлік деңгейдегі төрт жұмыс тобы құрылғанын ескере отырып,

энергия ресурстарын жеткізудің қауіпсіздігін арттыру мен энергияға сұранымды алдын ала болжау үшін энергетикалық сектордағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі Еуропалық Одақтың мен Қазақстан Республикасы өзара мүдделілігі, Каспий өңіріндегі газ және мұнай өнімдерін өндіруші ретінде Қазақстанның негізгі рөл атқаратынын мойындай отырып,

энергетикалық сектор Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында стратегиялық мәні бар сала болып табылады, сондай-ақ сыртқы табыстың нақты және ықтимал көздерін құрайды. Еуропалық ішкі энергетикалық нарықтармен үйлесімділікті нығайту және халықаралық қаржы мекемелері мен жеке сектор үшін реттеуші және инвестициялық тартымдылықты тұрақтандыру тұрғысынан алып қарағанда едәуір артықшылықтар, ресурстық базаны одан әрі дамыту мен ішкі және өңірлік байланыстарды нығайтуға мүмкіндік беретінін ескере отырып,

Еуропалық Одақпен кеңейтілген энергетикалық ынтымақтастық өңірлік ынтымақтастық әлі қамтымаған, сондай-ақ өзара мүддені білдіретін мәселелерді неғұрлым анық қамтитын салаларға ерекше көңіл бөлер еді. Ол сонымен қатар Каспий теңізімен мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік пен экологиялық аспектіні қамтитынын ескере отырып,

Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы Орталық Азиядан Еуропалық Одақтың нарықтарына көмірсутекті ресурстарды тасымалдауды дамыту саласында ынтымақтасатын болады,

Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы бәрін қамтитын және теңдестірілген тәсілді қабылдау қажеттілігін мойындай отырып, және ортақ мүддені білдіретін көптеген мәселелердің қазірдің өзінде өңірлік деңгейде шешіліп жатқанын ескере отырып, тиісінше энергетикалық қауіпсіздік пен өнеркәсіптік ынтымақтасты артыруға қатысты екі жол картасын жасау мәселесі бойынша ынтымақтасуға дайын екенін білдірді.

## 1. Энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға арналған жол картасы

1.1. Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы энергетикалық қауіпсіздіктің мәні болып табылатын барлық энергия көздерін өндіруді, өңдеуді, тасымалдауды және пайдалануды ынталандыра алатын бағыттарды дамыту туралы ақпаратпен ұдайы алмасып отырады.

1.2. Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы ықтимал болашақ дамуды, атап айтқанда Еуропалық Одақтың ішінде энергетикалық сұраныс бойынша ең ықтимал келешек үрдістер ретінде энергия тасымалдау жүйесі мен өндіріс көлемін кеңейту жөніндегі жоспарларды қамтитын өзара түсіністік тұрғысындағы іс-шаралар бағдарламасы бойынша ұдайы кеңесіп отырады.

1.3. Еуропалық Одақ үшін – оның энергетикалық ресурстарын ертаралтандырудың маңыздылығы тұрғысынан алғанда, ал Қазақстан Республикасы үшін энергетикалық нарықтар мен энергетикалық сымдардың, екі жақ ортақ мүдделерде (мысалы, Одесса-Броды-Плоцк мұнай құбыры) жаңа энергия тасымалдау инфрақұрылымдарын құру және дамыту үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етуге және қажет кезінде

қолданыстағы инфрақұрылымдарды жаңғыртуға жәрдемдесуге ынтымақтасатын болады. Теңіз қауіпсіздігі, атап айтқанда навигациялық жолдарды белгілеу мәселелерін көтеру осы жол картасы шеңберінде қолдауға ие болар еді.

1.4. Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы осы Меморандумның түпмәтініндегі нақты орындалған жұмыс туралы қысқаша есеп дайындауда ынтымақтасатын болады.

## 2. Өнеркәсіптік ынтымақтастықты нығайтуға арналған жол картасы

Қазақстандағы энергетикалық секторға келешек инвестициялар тартудағы жалпы мүдделілікті мойындай отырып, Еуропалық Одақ мен Қазақстан Республикасы

- бірлескен конференциялар мен семинарлар сияқты іс-шаралар арқылы қазақстандық және еуропалық энергетикалық сектордың компаниялары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесуге,

- баламалы энергия көздерін, сондай-ақ экологиялық таза және ресурсты сақтайтын технологияларды дамытуға және енгізуге,

- қазақстандық энергетикалық сектордың тартымды болуына мүдделі және сонымен айналысатын еуропалық компаниялармен бірге инвестициялық ахуалды барынша тартымды ететін қолайлы мүмкіндіктерін зерделеуге,

- төменнен жоғары және жоғарыдан төмен қарай жүретін, сондай-ақ энергия тиімділігі, энергия қорғалуы мен жаңғыртылмалы энергия салаларында, соның ішінде баламалы көздерді, сондай-ақ экологиялық таза және ресурс сақтайтын технологияларды дамыту мен енгізу есебінен өнеркәсіптік ынтымақтастықтың ілгері басуы үшін мүмкіндіктерді зерттеуге келісті.

## 3. Қорытынды ережелер

Мамандандырылған сараптама жүргізу қажет болған жағдайда Еуропалық Одақтың техникалық көмегі Өзара түсіністік туралы осы меморандумның шеңберінде іс жүзінде қолдау есебінде пайдаланылуы мүмкін.

Осы құжат тек қана саяси ниеттен тұратын құжат болып табылады және құқықтық міндеттемелерден тұрмайды.

Ағылшын және қазақ тілдерінде 2006 жылғы 4 желтоқсанда Брюссель қаласында жасалды.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ  
АТЫНАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
АТЫНАН

